

Аға оқытушы Көшербаева Б.К . 3 курс студенті Көпжасарқызы И.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университет, Қазақстан Республикасы

МЕКТЕПТІҢ МУЗЫКА САБАҒЫНЫҢ ӨЗГЕ ОҚУ ПӘНДЕРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ.

Адам баласы ежелден-ақ әнді, жалпы өнерді қастерлеген. Жалпы халық сызу-жазуды, әнді нотамен қағаз бетіне түсіруге сауаттары жетпесе де табиғатынан таланты бар жанның шығарған ән-күйлері, жырлары ауыздан ауызға жетіп, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Сол өнерлердің ішіндегі музыка – адамның көңіл күйін айқындап, жан дүниесін тазартуға, айтар ойын сазды әуез арқылы суреттеуге, сенімді серігі бола алатындығымен септігін тигізді. Ол адам санасына, жүйке жүйесіне ықпал ететін ерекше психофизиологиялық құбылыс болып табылады, сондықтан халық жалпы музыка өнерін ежелден құрметтеп, жадына жақын ұстаған. Көңілінде жүрген ой, қиялын көңіл таразысы – ән - күйге жүктеп, сол өнер арқылы табиғат, жан-жануар, қоршаған ортасымен сырласқан.

Ән салып, күй тартпаған қазақ баласы болмаған деседі ата-бабаларымыз. Қазақ даласы қаншалықты кең болса, қазақ баласының да әншілік диапазоны мол болып келген. Музыкалық сауаты болмаған Біржан Сал, Жаяу Мұса, Мұхит сынды өнері асқан ата-бабаларымыздың асқақтата салған ән туындылары мен күйлерінің өзі осы ойымызды айқындай түседі. Сондай –ақ ұлы ғұламалар музыка өнерінің терең ғажап сырын ұғына келе оның адам баласына тигізер әсерін ерекше бағалап, оған өзіндік баға берген. Ұлы Абай «Ән, өлең-өмірімнің мәңгі серігі» десе, орыс халқының ұлы композиторы М.И.Глинка «Музыка-менің жан дүнием» деген, ал немістің атақты композиторы Р.Шуман «Музыка-сезімнің стенографиясы» десе, Л.В.Бетховен «Жүректен-жүрекке» деген ой түйіндерімен музыканы нақты бағалай алған.

Бүгінгі таңда музыкалық білім берудің мақсаты оқушылардың рухани, адамгершілік, эстетикалық көркемдік мәдениетінің қалыптасуы деп түсіндіріледі, ендеше осы мақсатқа жетуге мектептің музыка пәнін басқа мектептің оқу пәндерімен байланыстыра, оқушыларды өмір шындығын өнермен байланыстырудың педагогикалық жолдарын іздестіреміз. Музыкамен шұғылдану барысында **еңбек тәрбиесінің** міндеттері жүзеге асырылып отырады. Бір жағынан, тыңдалатын музыкалық шығармаларды қабылдау, есте сақтау қабілеттері дамытылса, екінші жағынан, ән айтқан кезде дауыс аппараттарының іс - әрекеттері немесе музыкалық - ырғақтық қозғалыстар жасау секілді еңбек процестері жүріп жатады. Бұл істер оқушының ынтасын, тәртіптілігін, іске деген жауапкершілікті талап етеді, әрі тыңғылықты еңбектенуді қалыптастырады, сондықтан еңбек сабағын музыкамен байланыстыра өту барысында екі пәннің де оқу - тәрбиелік мақсаты жүзеге асып отырады.

Мектептің **тарих** пәнінде әр уақыттың замани, қоғами белестеріне байланысты өмір белесін көрсететін, шындығын баяндайтын сазы, туатын музыкасы болады. Қазақ халқының тарихи қиын кезеңінің бірі - ақ табан шұбырынды заманының өткендігі мәлім. Сол кезеңде халықтың өзінен туындаған «Елім ай» әні елдің, халықтың ауыр өмірін көрсететін, тарихи кезеңдерді бейнелейтін әннің туғанын білеміз. Елу жыл бойы Семейде атом бомбасының сынағы мен эксперименттік тәжірибелердің үзбей қазақ жерінде жасалынып келгендігінің өзі дүние жүзіне мәлім болып келді. Осы қырғын заманның қияметін ел көтеріп, ендігі тұста мәңгілікке жарылысты тоқтатқанын және оның өзі еліміздің еркіндігінің жиырма жылдығы осы тариха кезеңнің қазақ елінің басынан өткен заманын бейнелейтін қиын кезеңнің бірі болғандығының айғағы. Қазақ тарихы пәнінде Кеңес өкіметінің тұсында болғандықтан мектеп пәнінің бір тақырыбына енді. Ендеше осы кезеңге Т. Мұхамеджановтың «Заман ай!» атты хор шығармасы дүниеге келген. Осы хор шығармасын тарих пәнінің тақырыптық мазмұнын айқындауға

музыка сабағында немесе тарихтың пәнінде музыканы өзара байланыстыра өту барысында пәнаралық байланысты табады.

Музыканы қабылдау – барынша күрделі процесс. Оның негізі – шындықтың негізін сезіну, есту, толғану. Мектептің арнайы хор өнеріне, әншілікке балаларды баули отырып, өмірге, өнерге көзқарастарын қалыптастырады. Музыканы толық қабылдап, сезімдік, естік, ой – саналық психологиялық құбылыстар жүру негізінде, олардың музыкалық мәдениетін де орнығады. Эстетикалық талғам, танымдары дамып, қоршағант ортаға, замандастарына өзіндік тұлғасын таныстыра алатындай азамат болып өседі.

Осы тұжырымдамаларды топтастыра келе музыкалық білім беру саласының дерлік адам баласының өмір сүрген қоғамы, ортасы, заманы, табиғаты саясаты да музыканы жанап өтуі мүмкін емес, өйткені Музыка – ол өмір шындығынн суреттейтін және жас ұрпақты тәрбиелейтін негізгі құрал.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Психология. Қ.Жарықбаев. Алматы. “Білім”. 1993.
2. Музыка және денсаулық. С.Ордабеков. Тараз. Ден-саулық әлемі.2005.
3. Валеология. Ж..Ж.Жатқанбаев. Алматы. 2003
4. Музыкалық білім беру педагогикасы.Р.Қ.Дүйсенбина.Талдықорған, 20061. Шегебаев П. Цифровая система обучения музыки. Сборник научных трудов«Профессиональные аспекты преподавание в ВУЗовских дисциплин на музыкальных специальности».-Астана, 2003г.
5. Кошербаева Б.К. Вокалды- хор тәрбиесі. Тараз, 2002ж.6.
6. Өміршең өнер өрісі. С.Ұзақбаева. Алматы, “Мектеп”,1988
- 7.Мектептегі музыка тәрбиесін беру әдістемесі. Қ.М.Мендаяқова, Г.Ж.Қарамолдаева. “Әл – Фараби”, Алматы,1997.